

Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімінің өткізіп алынуына алып келген мән-жайларды растау және өтінішті қарау үшін қажетті құжаттардың тізбесі

Осы тізбе қарыз алушының санатын және шарт бойынша міндеттемелерін орындауының мүмкін болмауына алып келген мән-жайларды растау үшін жағдайға қарай кредитордың қарыз алушыдан сұратуы мүмкін құжаттардың түрлерін айқындайды:

- 1) жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы анықтама және (немесе) соңғы алты айдағы жұмыс орнынан алынған қарыз алушының табысы туралы анықтама немесе қарыз алушының банктік шоты бойынша ақша қозғалысы туралы үзінді көшірме;
- 2) еңбек шартын тоқтату, жалақы сақталмайтын демалыс беру туралы жұмыс берушінің актісі немесе қарыз алушының еңбекке уақытша жарамсыздығы туралы анықтама (парақ);
- 3) жалақысының мөлшері көрсетілген жұмыс орнынан анықтама және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелер;
- 4) қарыз алушының жүктілікке және бала (балалар) тууға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға, сондай-ақ бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыста болғанын растайтын құжат;
- 5) отбасы құрамын және асырауындағы адамдардың бар екенін растайтын құжат;
- 6) қарыз алушының және (немесе) оның жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) ауруын растайтын еңбекке уақытша жарамсыздығы туралы анықтама және (немесе) еңбекке уақытша жарамсыздық парағы, сондай-ақ қарыз алушының жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) қайтыс болғаны туралы куәлік (анықтама);
- 7) жалдау ақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері көрсетілген нотариат куәландырған жалдау шарты;
- 8) жазатайым оқиғаның, үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттерінің нәтижесінде қарыз алушыға материалдық залал келтірілгенін растайтын құжаттар (айналымдағы тауарлардың немесе қарыз алушы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін пайдаланған өзге де мүліктің ұрлануы);
- 9) форс-мажорлық мән-жайларды растайтын ресми құжаттар;
- 10) мүгедектігі туралы анықтама;
- 11) амбулаториялық (стационарлық) науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме;
- 12) атқарушылық іс жүргізудің бар екенін, шоттарға тыйым салынғанын немесе өзге де шектеулердің қолданылғанын растайтын құжаттар (қарыз алушының банктік шотына тыйым салу туралы шешім);
- 13) инкассолық өкім;
- 14) сот актілері;
- 15) қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлау фактісін растайтын өзге де құжаттар.